

Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округінің Ақанкөл-2 ауылында карантин режимін енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 43 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 қаңтарда № 7-4-125 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 20 ақпандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округі әкімінің 2012.02.20 № 3 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Бөкей ордасы аудандық Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы Ж. Сұлтанғалиевтың 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 712 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округінің Ақанкөл-2 ауылында ірі кара малының арасында қарасан ауруының шығуына байланысты карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бөкей ордасы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бастығы Р. Зұлқашевке (келісім бойынша), Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті "Бөкей ордасы ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы С.Рамазановаға (келісім бойынша), Бөкей ордасы аудандық Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы Ж. Сұлтанғалиевке (келісім бойынша) ауыл тұрғындары мен ауыл шаруашылық жануарларының арасында аса қауіпті індеттің таралуын алдын алу мақсатында өз құзыреттері шегінде осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 30 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға

т а р а т ы л а д ы .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сайқын ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, малдәрігері М. Төлегеновке жүктелсін.

Сайқын ауылдық округі әкімі Ж. Батырханов

КЕЛІСІЛДІ:

Бөкей ордасы аудандық Бас
мемлекеттік ветеринариялық-
санитариялық инспекторы
----- Ж. Сұлтанғалиев

22.11.2011 ж.

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы Министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекция
комитетінің Бөкей ордасы
аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы
----- Р. Зұлқашев

25.11.2011 ж.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
Комитетінің Батыс Қазақстан
облысы бойынша департаменті
"Бөкей ордасы ауданы бойынша
мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің б а с т ы ғ ы
----- С. Рамазанова

02.12.2011 ж.